

КОМПАНИЯНЫҢ АЛДЫНДА КӨПТЕГЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР ТҰР. СОНЫҢ ІШІНДЕ БІРҚАТАРЫ ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІН, ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУҒА, IR ЖӘНЕ ESG ҚАҒИДАТТАРЫН ЕНГІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН. ОСЫҒАН ОРАЙ БҮГІНДЕ КАДР САЯСАТЫНЫҢ БАСЫМДЫҚТАҒЫ HR БАҒЫТТАРЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ.

Серік КЕУЛІМЖАЕВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ аппарат басшысы



№93 (2808)  
29/11/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## В ОСНОВЕ – ЭКОНОМИЯ И УСКОРЕНИЕ

Вопросы развития Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ) обсудили в Актау.

Руслан РАХМЕТОВ,  
Актау

Мероприятие прошло на уровне министров иностранных дел и глав министерств Казахстана, Азербайджана, Грузии и Турции, ответственных за транспортные вопросы.

В ходе встречи участники отметили многократный рост перевозки грузов через ТМТМ, а также обсудили вопросы, касающиеся расширения пропускной способности международного маршрута.

По словам министра индустрии и инфраструктурного развития РК Каирбека Ускенбаева, за 10 месяцев 2022 года через морские порты Актау и Курык по ТМТМ перевезено порядка 1,5 миллиона тонн, что в два раза больше, чем за аналогичный период прошлого года. При этом динамика роста объемов контейнерных перевозок увеличилась на 55%. Также он сказал, что в настоящее время транспортная инфраструктура ТМТМ позволяет перевозить по нему около шести миллионов тонн, в том числе 80 тысяч ДФЭ.

С резким ростом объемов перевозок грузов выявлены «узкие» места на маршруте. В этой связи между заинтересованными странами было инициировано создание «дорожной карты» по синхронному устранению «узких» мест и развитию Среднего коридора на 2022-2027 годы.

Глава МИИР РК сообщил, что с казахстанской стороны в целях расширения пропускной способности проводятся работы по развитию железнодорожной сети и портовой инфраструктуры, а также углублению дна моря в акваториях портов.

– Прорабатываются вопросы по пополнению контейнерного парка и собственного паромного флота, а также упрощению процедур по пересечению границ. Казахстан уже неделю



назад приступил к реализации строительства вторых путей на участке Достык – Мойынты протяженностью 836 километров. Также проработаны вопросы открытия третьего погранперехода на границе между Казахстаном и Китаем и строительства новой железнодорожной линии Бахты – Аягыз. В данный момент уже разрабатывается ТЭО проекта. Планируется, что 80% средств будет предоставлено ЕАБР, 20% – ҚТЖ, – сообщил министр.

Кроме того, для развития транспортно-логистической инфраструктуры, а также цифровизации таможенных и торговых процессов ведется работа по взаимодействию с сингапурской компанией PSA International. Для этого на площадке международного финансового центра «Астана» с участием PSA International и АО «НК «ҚТЖ» учреждена дочерняя компания KPMC Ltd.

Реализация мероприятий «дорожной

карты», по данным МИИР РК, позволит к 2025 году увеличить пропускную способность по коридору до 10 миллионов тонн в год.

К слову, Европейский союз также проявляет заинтересованность в развитии маршрута. По словам Каирбека Ускенбаева, ЕС готов оказать финансовую поддержку в данном вопросе.

– 1 декабря 2021 года Европейская комиссия и Верховный представитель ЕС по иностранным делам и политике безопасности запустили инициативу Global Gateway. Это новая европейская стратегия развития высокотехнологичных, экологических и безопасных глобальных связей в таких сферах, как цифровизация, энергетика, транспорт, здравоохранение, образование и исследование. В реализацию указанной стратегии ЕС планирует инвестировать в развитие ТМТМ, – сказал Каирбек Ускенбаев.

Фото предоставлено пресс-службой МИИР РК

### ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРАДЫ

Биыл Қазақстан арқылы Қытайдан Еуропаға 4 мың жүк пойызы жеткізілді. Жүк құрамында – автобөлшектер, өндірістік техникалардың жабдықтары, медициналық және өзге де тауарлар болған.

Жақында Қытайдың Сиань портынан шыққан тағы бір жүк пойызы еліміздің «Алтынкөл» шекаралық өткелі арқылы Калининградқа қарай бет алды. Ол жерден теңіз арқылы Еуропаға бағытталған жүк пойызына негізінен тұрмыстық техникалар тиелген. Бұл туралы Xinhua агенттігі хабарлады.

Қытайдың ірі құрлықтық порты саналатын Сиань басшылығы Қазақстанмен ынтымақтастықты 2014 жылдан бастап орнатқан болатын. Сол кезде-ақ, Сианьнің халықаралық сауда-логистикалық паркі Азия мен Еуропа арасында үздіксіз жүк ағымын қамтамасыз ету үшін «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын дамытуға қызығушылық білдірген еді. Сонымен бірге Шаньси провинциясының логистикалық-көліктік компаниялары мен кәсіпорындарын және елдің басқа ішкі аймақтарын белсенді тартып, осылайша екі елдің арасында тығыз сауда-экономикалық қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін Қазақстанмен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытып келеді.

Оның үстіне биыл ҚР Сыртқы істер министрлігі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сиань қаласында ҚР Бас консулдығын ашу туралы» Жарлығының жобасын дайындады. Бас консулдықтың ашылуы, бірінші кезекте өңірде сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық салықиякігін кеңейтеді. Сондай-ақ, көлік саласындағы жұмысты жүйелі негізде құруға мүмкіндік беріп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттырмақ.

Ұлаң ОРАЗ

## Технология

### ЖОЛШЫЛАР ЖҰМЫСЫН ЖЕҢІЛДЕТУДЕ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жол монтерлерінің қызметі биыл су жаңа бұрандалы кілттермен толығып отыр. Бүгінде биылға межелеген 160 бұранда кілттің тең жартысынан астамы сатып алынған. Бұл механизмнің артықшылығы, ол қол жұмысын алмастырып, жолшылар жұмысын жеңілдетеді.

Ислам ТАЛФАТ,  
Астана

Жол аралықтарындағы рельс бекітпелерінің күтімі – теміржол төсеміне ағымдық қызмет көрсету бойынша жол жұмыстарының негізгі түрлерінің бірі болып отыр. Әдетте, темірбетон шпалдарындағы бұрандалар, клеммалық және төсеуіш болттар мезгіл-мезгілмен тартылып, қатайтылатын болса, ағаш шпалдарда балдақтарды қосымша ұрып, күшейтеді. Әрине, мұның бәрі тонналаған жүк таситын пойыздардың қозғалыс әсерінен бо-санси түсетін рельс бекітпелерінің техникалық параметрлерін сақтау мақсатында іске асырылады.

Осы ретте, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да магистральдық желіні темірбетонды қарай жүргізілсе, ал клеммалық-болтты бекітпесі (КБ) бар 5 927 км жолда мұндай жұмыстардың жиілігі жол дәрежесіне қарай анықталады. Мәселен, бірінші және екінші класты учаскелерде жылына бір рет болса,



үшінші класты жолдарда үш жылда бір рет, ал төртінші және бесінші класты учаскелерде төрт жылда бір рет өткізіледі. Осылайша, жолшылар жылына орта есеппен алғанда, 4500 шақырым жол бойында болттарды тартулары қажет. Егер бұл жұмыстарды қара күшке салып, қолмен атқарар болса, онда ол өте ауыр және күрделі жұмыс. Мысалға, КБ бекітпесі бар бір шақырым жолда бұл жұмысты орындау үшін қол құралы бар сегіз монтер қажет. Ал бұрандалы кілт еңбек өнімділігін еселеп арттырады, яғни күніне екі шақырым жолды аталған механизмді пайдалана отырып, бар-жоғы екі жұмысшының күшімен орындауға болады.

Бұрандалы кілт бұрандалар мен гайкаларды, соның ішінде қуыс жерлерде орналасқан болттарды бұрап алуға немесе бекітуге мүмкіндік береді.

Тіпті, тот басқан болттарды бұрап алуға арналған арнайы саптама да бар. Конустық металл муфта – тозуға қарсы өте төзімді етіп жасалған және өздігінен реттеліп отырады. Болтты бұрау, яғни айналу кезінде гидравликалық сервомеханизм арқылы реттеліп, бұранданың қаттылығына қарай екі беріліс арасын таңдай алады. Ең бір кереметі, осы механизмнің арқасында қатайту кезінде техникалық параметрлерді бекіту қамтамасыз етіледі.

Қазір ҚТЖ жол шаруашылығында қолданыста жүрген 500-ден астам бұрандалы кілт бар екен. Жол шаруашылығы мамандары бұл механизмнің қызметін оң бағалап, жолшылар жұмысын жеңілдетіп отырғанын айтады. Есесіне, еңбек те өнімді.

Суретті түсірген  
Александр ЖАБЧУК

### УСТУПИ ДОРОГУ ПОЕЗДУ

Свыше 1 200 водителей автотранспорта с начала 2022 года проинформировали о правилах пересечения железнодорожного полотна работники Астанинской дистанции пути.

Постоянная профилактическая работа с населением дает свои плоды, однако по-прежнему имеют место случаи ДТП на переездах по вине нерадивых водителей. Так, за 10 месяцев этого года произошло 26 ДТП на железнодорожных переездах магистральной сети, из них четыре случая на охраняемых и 21 – на неохранных. Еще в одном случае автолюбитель пытался пересечь полотно в неполюженном месте.

Больше всего ДТП за этот период допущено по НЖС Костанай – шесть случаев, и НЖС Алматы – пять случаев.

К сожалению, такие аварии не обходятся без жертв. Утром 1 ноября на неохранным регулируемом переезде (3 674-й километр перегона Курагаты – Татты) участка Турксіб – Шу Жамбылского отделения магистральной сети пассажирский поезд № 78 столкнулся с легкой автомашиной «Ауди 100», в результате чего шесть пассажиров автомобиля погибли, из них трое – дети.

В двух случаях ДТП на переезде спровоцировало сход подвижного состава – по НЖС Костанай и НЖС Шымкент. – Основной причиной вышеперечисленных случаев стало грубое нарушение водителями автомобилей Правил дорожного движения, а конкретно – несоблюдение требований дорожных знаков на железнодорожном переезде и игнорирование запрещающих показаний светофора переездной сигнализации, – отметил начальник Астанинской дистанции пути Даурен Кабас.

Для обеспечения безопасности движения поездов все НЖС обязали организовать внеплановые проверки переездов, при этом особое внимание обратить на наличие дорожных знаков «Неохраняемый переезд» на переездах, которые недавно были переведены из разряда охраняемых в неохранные. Кроме того, им поручили определить перечень переездов, которые наиболее подвержены нарушениям и требуют установки лежачих полицейских и т. д.

К тому же железнодорожникам необходимо активизировать совместную профилактическую работу с органами внутренних дел и акиматами.

Любовь РОББА, Астана



Батыр КОТЫРЕВ,  
главный инженер АО «НК «ҚТЖ» – директор  
департамента технической политики:

ИНСТИТУТ ИМЕНИ К. САТПАЕВА СТАЛ НЕ ПРОСТО КОЛЫБЕЛЬЮ ИНЖЕНЕРОВ КАЗАХСТАНА, НО И ЦЕНТРОМ КОМПЕТЕНЦИИ ПО РАЗВИТИЮ ПРОИЗВОДСТВА СИСТЕМ СВЯЗИ 5G – САМОЙ СОВРЕМЕННОЙ СВЯЗИ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ. ЭТО МЕЧТА КАЖДОГО СВЯЗИСТА

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ТЕМІР ЖОЛДА 2023 ЖЫЛЫ  
**567 км**  
ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ  
ЖҮРГІЗІЛМЕК

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ-ДА  
БИЫЛҒА БАРЛЫҒЫ  
**641**  
ВАГОНҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ  
ЖҮРГІЗУ ЖОСПАРЛАНҒАН

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ ОН АЙДА  
АҚТАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫҚ ТЕҢІЗ  
ПОРТТАРЫ АРҚЫЛЫ ШАМАМЕН  
**1,47 млн тонна**  
ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН.



## МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ

**Ерман ӘБДИЕВ,**  
Тараз



СЕРІКТЕСТІК

«Әлеуметтік серіктестік» жобасы аясында Жамбыл өңіріндегі теміржол мекемелері орта кәсіптік білім беру жүйесінде білім алып жүрген мамандардың тәжірибеден өтуіне және олардың жұмыспен қамтылуына жақсы жағдай жасап отыр.

2022-2023 оқу жылында Тараз темір жол көлігі және коммуникация колледжі «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» және «Дәнекерлеу ісі» бойынша теміржол кәсіпорындарымен 115 ұшжақты келісім жасаған. Олардың қатарында «Жамбыл ЖТ бөлімшесі», Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясы, «Қамқор локомотив» ЖШС филиалы – Тараз локомотив жөндеу депосы, «ЖамбылРемСервис» ЖШС сынды ірі кәсіпорындар бар.

Жақында колледжде «Жұмыс беруші күні» өтіп, оған кәсіпорындардың өкілдері қатысты. Жиында колледж директоры Ұлжан Кенжебаева орта кәсіптік-техникалық оқу орнының бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстырып өтті. Ол еліміздегі кәсіби-техникалық білім беру жүйесі ең бірінші кезекте техникалық мамандарға деген сұранысты қанағаттандыратынын атап өтті. Кездесуде «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» кадрлар бөлімінің басшысы Меруерт Бейсенбекқызы бұл шараның маңыздылығын айта келе, Жамбыл бөлімшесі жас мамандарды қолдауда жүйелі жұмыстар жүргізіп отырғандығына тоқталды. Ал Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясының бас инженері Нұрғали Терлікбаев өз саласы бойынша мазмұнды әңгіме айтып, жас теміржолшылардың қызығушылық танытқан сұрақтарына жауап берді.

Жиын соңында «Қамқор локомотив» ЖШС филиалы – Тараз локомотив жөндеу депосының директоры Ілияс Лесбаев ҚР Оқу ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің Алғыс хатымен, өзге кәсіпорын басшылары аталған оқу орнының алғыс хаттарымен марапатталды.

## ҚОЗҒАЛЫС ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**  
Астана



ОҚЫС ОҚИҒА

Жамбыл облысында Шығанақ – Шу учаскесінің Қияқты – Хантау аралығындағы пойыздар қозғалысы қалпына келтірілді.

Еске сала кетсек, 27 қараша күні сағат 9:07-де Жамбыл облысының Шығанақ – Шу учаскесіндегі Қияқты – Хантау аралығында байланыс желісінде кернеудің болмауына байланысты жолаушылар пойыздары жолда тоқтатылған еді. Бұған дейін бұл учаскеде 20 м/с дейін соққан қатты жел жүк пойызындағы бос контейнерді жұлып әкеткен болатын. Құлаған кезде контейнер байланыс желісінің тірегіне зақым келтірген. Қаза тапқандар мен зардап шеккендер жоқ. Бұл жағдайдан соң бес жолаушы мен бес жүк пойызының кідіре тұруына тура келді. Жолаушылар оқиға туралы хабарлар етілді. Оқиға салдарын жою үшін Шу станциясының жөндеу бригадасы жіберілді. Сағат 13:38-де пойыздардың қозғалысы қалпына келтірілді.

## ОН АЙДАҒЫ ОҢ ІСТЕР

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей



ҚОРЫТЫНДЫ

Семей ЖТ бөлімшесіндегі салалық кәсіподақ ұйымының белсенділері биылғы жылғы ҚР кәсіподағының 30 жылдық мерейтойын қорытындылау жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Бұл орайда салалық кәсіподақ ұйымының төрағасы Алик Досановтың бастамасымен ағымдағы жылғы жүргізілген жұмыстар жүйеленіп, қорытынды жасалуда. Теміржолшылардың әлеуметтік ахуалына басымдық берген кәсіподақ белсенділері жастармен бірлесіп көптеген акциялар өткізген. Нәтижесінде ағымдағы жылдың 10 айында 2 млн 434 мың теңгеден аса қаражатқа қайырымдылық шаралары ұйымдастырылып, мәдени-қоғамдық шараларды өткізуге 18 млн 951 мың теңге жұмсалынған. Ал теміржолшылардың балаларына бөлінген қаражат көлемі 3 млн 842 мың теңгені құраған.

– Биылғы жылдың басты жетістігі ретінде теміржолшылардың психологиялық жүктемеден арылу бөлмесін жөндеуден өткізуімізді айтар едік. Биылғы жылдың 10 айының ішінде бұл бөлмені 600-ден аса теміржолшы пайдаланыпты, – дейді кәсіподақ белсенділері.

Бұл шаралардың сыртында шалғай станциялар мен жол айрықтарындағы жаңадан бой көтерген немесе күрделі жөндеуден өткізілген балалардың ойын алаңқайларын да жыл үлесіндегі жемісті жұмыстар қатарына қосуға болады. Нысандардың теміржолшылар үшін қалыптас қызмет етуіне әсіресе жол шаруашылығының мамандары елеулі түрде жәрдем беруде.

Қазіргі күні семейлік кәсіподақ қызметкерлері 30 жылдық мерейтой аясында тарихи маңызға ие ескілікті фотосуреттер мен деректерді жинастыруға кірісті. Ал бөлімшенің Жастар ұйымының төрайымы Арайлым Қосанова бастаған белсенді жастар алдағы жылға арналған қайырымдылық, патриоттық тәрбие беру мақсатындағы шаралардың арнайы жоспарын әзірлеу үстінде.

## БАЛҚАШТЫҚТАР БАҚЫЛАУЫНДА



ЖОБА

**Ұлан ОРАЗ,**  
Астана

Аталған дистанцияны бүгінде тәжірибелі теміржолшы Ернұр Тұрбаев басқарады. 2003 жылы Тоқырбас станциясында еңбек жолын жолшы болып бастаған ол бүгінде 20 жылдық тәжірибесі бар білікті басшы.

– Біздің дистанцияға Мойынты – Саяқ телімдері арасындағы 400 км жол қарайды. Осы жолдың бойындағы №4 бекетте жаңа жол құрылысын бастау бойынша салтанатты жиын өтті. Мердігер мекеме «Integra Construction KZ» теміржолды салуды бастап кетті. Біз олар салған жол бойындағы әр шақырымның жұмысын тексеріп, қабылдап алып отырамыз. Балқаш жол дистанциясында, өзіміздің қарамағымызда 300 адам бар. 16 айналымда 3 телім бастығы, 16 жол шебері жұмыс істейді. Яғни, осы аралықтағы 16



бекеттің жолын баптау, жағдайын жасау – біздің міндет, – дейді Ернұр Тұрбаев.

Қытай мен Еуропа арасын байланыстыратын жолдың бастауында тұрған бұл теміржол телімінен күніне 6 жолаушы пойызы өтеді. Сонымен қатар 30 жұп жүк

пойыздары жүреді. Енді екінші жолдар салынып, Мойынтыға дейін жеткізілсе, транзиттік тасымал артып, осы бағытта жүк жіберетін клиенттердің сұранысы толық қанағаттандырылмақ.

Ернұр Тұрбаевтың айтуынша, дистанцияның биылғы жұмыс



көрсеткіштері жоғары болған. Көктемгі және күзгі байқау комиссияларынан ойдағыдай өтіп, келесі маусымға дайындықтарын үнемі пысықтап отырады. Айына екі рет жол өлшейтін және ақауды анықтайтын вагондар осы телімнен жүріп өтеді. Дистанция ғимараты Балқаш-2 станциясында орналасқан. Жаңа жолға жауапты ұжымды басқарып келе жатқан білікті басшы «Адал еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері және көптеген құрмет грамоталары, алғыс хаттармен марапатталған.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

## ЖҰМЫСШЫЛАРҒА ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

**Қосұым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

Мәселен, жұмысшыларды тасуға арналған жол талғамының вахта Камазы, өзі жүк түсіретін самосвал көлігі, дизельді отын қорегімен жүретін АС-5 теміржол көлігі, тамақ ішу, жатын бөлмесі бар техникалар бар. Бұл техникалар жұмысшылардың жұмысын жеңілдетіп, жақсартып отыр. Сондай техниканың бірі – Автоматриса темір жол көлігі.

– Бұл – демалатын 10 адамдық орны, кондиционер, ас бөлмесі, жуынып-шайынатын душы, электр тоғы, теледи-

дар, тоназытқыш, автономды жылытқышы бар жайлы кешенді модуль. Күніне бригада құрамы 10-15 адаммен жолдың жай-күйін анықтап, жөндеуге шығады. Жол параметрлерінің талапқа сәйкестілігі, шпал, рельстер жайы қаралып, кей тұстарда ауыстырылады. Менің міндетім бригаданы дұттеген жеріне жеткізу, – дейді машинист Жеткіншек Бекбауов.

Өзі әу баста дистанцияда жолшы болып жұмыс істеген. Содан кейін Қарағанды, Ақтөбе қалаларында оқып, арнайы жол техникасын жүргізуші куәлігін алыпты. МПТ кран, қар тазалаушы техниканы да



түзіндеген. Бүгінде осы модульді техниканы жүргізеді. 30 жылдан бері бір мекемеде еңбек етіп келеді. Қасында жас

маман, машинист көмекшісі Ақылжан Ерсайыновты техника тілін жетік меңгеруге баулуда. Суретті түсірген автор

## КЕЛЕҢСІЗДІК КӨРСЕТКІШІ КЕМІГЕН



ҚАУІПСІЗДІК

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Жылжымалы құрамдағы жүк вагондарының жағдайын бақылайтын УКСПС, КГУ, КЛУБ құрылғыларының жұмыстан тыс қалу жағдайлары тіркелмеген. Дегенмен жол құрылғыларының істен шығуы, рельс үстіне бөгде заттың қойылуы жағдайлары орын алған. Жол жағалай жүретін бөгде адамдардың, малдың жолға шығып кету кінәсінен тепловоз машинистерінің жедел тежегіш қолдануы биыл 61 рет тіркелсе, өткен жылдың есепті мерзімінде 136 мәрте тіркеліпті. Келеңсіз жайттардың екі еседен көп төмендеуі – жағымды көрсеткіш. Бөлімшенің қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Бақытбек Сәрсенев қозғалыс қауіпсіздігін сақтау – ең басты міндет, сондықтан осы бағытта іс-шаралар тұрақты жүргізіліп жатқанын айтады.

– Жыл басынан бері осы уақытқа дейін қауіпсіздік шаралары қатаң сақталып келеді. Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру үшін Қызылорда, Сексеуіл және Қазалы жол дистанцияларының басшыларына күнделікті атқарып жүрген жұмыстарына қосымша тапсырмалар жүктелді. Яғни, станция, бекет және жол бойына жақын маңдағы елді мекен тұрғындарымен кездесіп, теміржолдың аса қауіпті аймақ екендігін түсіндіру, рельс үстіне бөгде зат қою, жол

бойы нысандарын жымқыру және зиян келтіру қылмыс екенін, тиісінше, жазасы да ауыр болатынын түсіндіру шаралары міндеттелді. Сонымен қатар рельс тізбектеріндегі кемшіліктерді орнына келтіруде орта буын басшылықтың жауапкершілігі арттыруға, жол тексеру құрылғылары ПС, МДК-мен анықталған кемшіліктердің сапалы орындалуын бақылап тексеруге басымдық берілмек. Осы сияқты басқа да жұмыстар қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына жол бермей, жылды жақсы дәрежемен аяқтауға мүмкіндік береді деген ойдамыз, – дейді қозғалыс қауіпсіздігіне жауапты маман.

Сонымен қатар дистанциялардың жұмыскерлеріне және орта буын басшыларына рельс тізбектерінің жағдайын ай сайын тексеру, техникалық, теориялық тәжірибені шыңдау мақсатында теміржолшылармен өткізілетін техникалық сабақтардың сапасын жетілдіру, құрылғылар мен саймандардың уақытынан бұрын жарамсыз халге түспеуі үшін дер кезінде бабына келтіру, КИП жұмысын бақылау, құрылғылардың уақытылы алмастырылуына бақылау жасау секілді жауапты жұмыстар тапсырылған. Иесіз малдың жол бойына жайылуын тоқтату, бөгде адамдардың жол жағалай бейсауыт жүруін азайту мақсатында өңір бойынша жергілікті тұрғындармен 257 рет кездесу өтіп, профилактикалық шаралар жүргізілген.

## АКЦИЯ

### ҚТЖ КОМАНДАСЫ – КӨШ БАСЫНДА

Үстіміздегі жылдың 26 қарашасында Атырауда Жайық өзенінің жағалауын қоқыстан толықтай тазарту мақсатында «Жүгіре жүріп қоқыс жина», «PLOGGING» экологиялық акциясы өтті.



Акцияға өңірдегі ҚТЖ «Ембімұнай-газ», облыстық экология департаменті, құқық және заң колледжі командалары қатысып, өзара сайысты. Темір жолдан Атырау жүк тасымалы бөлімшесі аппараты мен локомотив пайдалану депосынан барлығы 20 адам қатысты. Сайыс шарты бойынша қоқыстарды жинай жүріп белгілі бір қашықтыққа жүгіру керек. Сайыс барысында қоқысты ең көп жинаған және дұттеген жерге бірінші жеткен ҚТЖ командасы болды. Олар 20-ге жуық қашықтыққа қоқыс жинап, бөрінен алға озды. Нәтижесінде бірінші орынды иеленіп, ұйымдастырушылар белгілеген 50 мың теңге жүддені ұтып алды. Сөйтіп, Жайық өзені бойын қоқыстан тазартып, экологиялық жағдайды жақсаруына өз үлестерін қосты.

Еділ ЕРМЕК, Атырау Суретті түсірген автор



## В БУДУЩЕЕ С НОВЫМИ ТЕХНОЛОГИЯМИ



СЕМИНАР

**В Алматы прошел двухдневный семинар с участием работников хозяйства сигнализации и связи – заместителей дистанций сигнализации и связи по СЦБ, старших механиков из всех регионов Казахстана.**



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Место проведения семинара было выбрано не случайно, ведь на базе образцовой Алматинской дистанции сигнализации и связи ведется внедрение новых устройств, и она одна из первых дистанций, где была начата работа по замене стрелочных переводов типа СП-6 на более модернизированные электроприводы типа Р-80 компании Alstom. В дистанции была произведена установка 232 электроприводов на участке Алматы – Отар.

С приветственным словом выступил директор Алматинского отделения магистральной сети Аскар Жексембиев, который отметил значимость встречи, где есть возможность обменяться опытом, профессиональными навыками и ознакомиться с работой микропроцессорной централизации системы Eblock 950, устройства IP-телефонии системы ISKRATEL, радиосвязи стандарта «TETRA». Более того, участок оборудован системой СИРДП-П (система интервального регулирования движения поездов) на базе радиоканала с локомотивами, включая контроль

полносоставности поезда и разграничение поездов подвижными блок-участками.

В свою очередь начальник Алматинской дистанции сигнализации и связи Манат Куаншбаев рассказал о работе дистанции, которая в настоящее время обслуживает участки Отар – Алматы-1 – Алматы-2 – Капчагай, Жетыген – Алтынколь, их общая протяженность составляет 540,121 километра.

Далее Манат Куаншбаев рассказал о Sube-RR – диспетчерской системе, разработанной по стандартам цифровой радиосвязи ETSI TETRA для организации оперативной связи между всеми абонентами в существующей сети TETRA на участке Жетыген – Алтынколь. Сделав акцент на том, что Sube-RR обеспечивает оперативное управление перевозочным процессом на железнодорожном транспорте и повышает безопасность движения поездов. Кроме того, система Sube-RR обеспечивает связь поездного диспетчера ДНЦ для служебных переговоров с дежурными по железнодорожным станциям, входящим в обслуживаемый диспетчерский участок, согласно правилам технической эксплуатации железнодорожного транспорта.

У участников семинара особый интерес вызвала система СИРДП-Е. Подробно ее работу в реальных условиях осветили представители ООО «1520-Сигнал», ТОО «RTEL Group», ТОО «Kraft Engineering» и заместитель начальника Алматинской дистанции сигнализации и связи по участку Алтынколь Аскар Бекжанов. В целом с 4 февраля 2022 года ведутся подконтрольные испытания СИРДП-Е. На сегодняшний день уже проследовало 611 поездов, испытания продолжаются.

В рамках семинара состоялся выезд в Алматинскую дистанцию сигнализации и связи, где участники ознакомились с работой диспетчеров. Далее они посетили завод ТОО «СП «КазЭлектроПривод», где основным производством является комплектация и сборка стрелочных приводов Р-80 по лицензии Alstom для магистральных железнодорожных стрелочных переводов. Оценили возможности завода, побывав в цехах, и посмотрели весь цикл работ. Контроль качества встроены в систему производственного потока и осуществляется не только на рабочих местах, но и с применением 3D измерительного оборудования Hexagon, оснащенного дополнительными опциями сканирования. Мощные, просторные цеха с универсальным оборудованием японского качества MAZAK делают предприятие респектабельным и перспективным.

Не обошлось и без практической части, где под руководством заместителя начальника дистанции сигнализации и связи Даулета Муканова и представителя завода ТОО «СП «КазЭлектроПривод» прошло показательное технологическое окно в центральной горловине станции Алматы-1 по технологии установки, регулировки, обслуживания электропривода типа Р-80 Alstom, с учетом технологии производства работ, полноты выполнения графика технологического процесса.

По итогам семинара главный менеджер департамента автоматизации, телемеханики и телекоммуникаций АО «НК «КТЖ» Аманжол Амринов отметил его эффективность и деловую активность участников.

– Семинар был продуктивным, безусловно, участники пополнили багаж своих знаний, обменялись мнениями, внесли свои предложения и познали новое, – сказал Аманжол Амринов.

Фото автора



## ПРОРЫВНЫЕ РЕКОРДЫ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



ПЕРЕВОЗКИ

**В Костанайском регионе значительно нарастили объемы контейнерных перевозок. По итогам 10 месяцев текущего года погружено грузов в контейнерах 4 202 фитинговых платформ, из которых организовано 110 маршрутов.**

Как сообщил заместитель начальника отдела логистики Костанайского отделения грузоперевозок Кенес Дюсекеев, к уровню прошлого года погрузка увеличена на 5 808 контейнеров. Для сравнения, за 10 месяцев 2021 года организовано только 19 маршрутов.

Асбеста со станции Житикара грузотправителем АО «Костанайские минералы» отгружено 187 фитинговых платформ назначением на Китай – один организованный маршрут, на Вьетнам – один, на Литву и далее в Индонезию – один, на Литву и далее на Индию – один. Зерновых культур всего отгружено 1 386 фитинговых платформ, из них организовано 31 маршрут.

Кстати, к уровню прошлого года погрузка зерна в контейнерах увеличена на 1 836 контейнеров, или на 328%. Для сравнения, за 10 месяцев 2021 года погружено 419 фитинговых платформ, из них семь организованных маршрутов. Продуктов перемолот отгружено 2 588 фитинговых платформ, из них было организовано 74 маршрута. К уровню прошлого года погрузка в контейнерах увеличена на 3 576 контейнеров. Наконец, масла подсолнечного отгружена 41 фитинговая платформа, которая была отправлена со станции Костанай направлением на Китай.

Фото автора

## ЧЕТКО И СЛАЖЕННО

**Анна МАРЬИНА,**  
Уральск



УЧЕНИЯ

**В пяти километрах от станции Уральск из-за обледенения полотна железной дороги произошло столкновение двух грузовых поездов.**

Это стало причиной схода восьми товарных вагонов и пожара в резервуаре с горючей жидкостью. Разрушено 50 метров железнодорожного полотна, остановлен пассажирский поезд.

По такому сценарию в Уральске прошли республиканские командно-штабные учения «Зима-2022» в целях проверки готовности к ликвидации чрезвычайных ситуаций зимнего периода. По результатам учений проведены разборки практических отработок вводных, даны соответствующие оценки.

В соответствии с планом в 10.00 дежурному по станции Уральск-Товарная от машиниста грузового поезда поступило сообщение об остановке по причине падения давления состава. Дежурный по станции Уральск доложил ДНЦ, что из-за обледенения полотна железной дороги произошло столкновение двух грузовых поездов, в составе одного из них имеются цистерны с горючей жидкостью, в результате чего сошли восемь товарных вагонов, и возник пожар в цистерне с горючей жидкостью. Разрушено 50 метров железнодорожного полотна главного пути ближе к четной горловине станции Уральск-Товарная. Требуется восстановление.

В ходе учений пассажирский поезд № 7 сообщением Алматы – Саратов был задержан, перегон станции Уральск – Уральск-Товарная закрыт для движения поездов, одновременно начал работу штаб ликвидации ЧС, оповещены все руководители узла Уральск, филиалы АО «НК «КТЖ» и ДЧС ЗКО, согласно схеме оповещения.

На место схода и пожара со станции Уральск отправлены пожарный и восстановительный поезда, а также по заявке Уральской дистанции пути – дрезина с платформой для погрузки материалов верхнего строения пути. Были также задействованы работники Уральской дистанции сигнализации и связи, они установили связь с поездным диспетчером, Уральской дистанции электроснабжения, ПТО станции Уральск. На разъезд Кардон выведена головная часть поезда из 35 вагонов, маневровым тепловозом на станцию Уральск выведена хвостовая часть этого же состава из семи вагонов. Головная часть второго поезда выведена на станцию Уральск.

К 10.50 работниками пожарного поезда пожар на месте схода ликвидирован. Пострадавший работник эвакуирован. В течение получаса восстановительный поезд завершил работы по подъему восьми вагонов на рельсы, они отправлены на станцию Уральск-Товарная.

Через 3 часа 40 минут станция Уральск-Товарная открыта для движения поездов, первым двум – со скоростью 15 километров в час, далее – не более 25 километров в час.

– Работники всех причастных организаций действовали слаженно, четко взаимодействуя с сотрудниками ДЧС ЗКО и другими экстренными службами, – отметил начальник станции Уральск Арман Башенов.

## Профилактика

### ПОСЛЕДСТВИЯ БЕСПЕЧНОСТИ И РИСКА

**На станции Карабас под колесами грузового состава погиб молодой мужчина. По вышеназванному факту транспортной полицией начато досудебное расследование по статье 344 части 2 Уголовного кодекса РК «Нарушение правил безопасности движения или эксплуатации железнодорожного транспорта, повлекшее по неосторожности смерть человека».**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

В настоящее время сотрудниками полиции проводятся следственные мероприятия. У погибшего мужчины остались супруга и трехлетний ребенок.

По словам начальника службы безопасности движения поездов филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Сайлау Жаркенова, руководителями станций два раза в месяц в обязательном порядке проводятся рейды совместно с представителями ЛОВД на транспорте, ВЖДО по разъяснительной работе с населением, учащимися школ, колледжей в том, что железная дорога – зона повышенной опасности, а также о правилах безопасного перехода. Работниками служ-

бы безопасности и сотрудниками филиала Карагандинского филиала ГП в социальных сетях выкладываются предупреждающие ролики с демонстрацией статистических данных о смертельных и несчастных случаях по вине горожан. В большей степени череда происшествий происходит из-за несоблюдения правил безопасности на железной дороге.

– Переходить железнодорожное полотно следует в специально отведенных местах – по мосту или пешеходным настилам. Однако люди до конца не осознают, какую опасность таит в себе зона риска, и продолжают передвигаться в неустановленных местах, – предупреждает Сайлау Жаркенов.

– На сегодняшний день это одна из самых наболевших тем. Кроме того, существует проблема, связанная с отсутствием огра-

ждения станционных путей и перегонов. Сотрудниками филиала ГП направлены письма в вышестоящие инстанции, однако мы получаем ответ, что в бюджете на эти мероприятия не заложены средства. Надеемся, что эта проблема все же будет решена.

Немаловажное значение имеет и человеческий фактор. Зачастую люди в состоянии алкогольного опьянения переходят железнодорожное полотно в неустановленных местах.

– Совсем скоро у учащихся школ наступят зимние каникулы. В связи с этим родителям и учителям необходимо с детьми проводить профилактические беседы, направленные на запрет их пребывания вблизи железнодорожного полотна без сопровождения взрослых, в противном случае это может привести к трагическим последствиям, – резюмирует Сайлау Жаркенов.

## ПРЕДУПРЕДИТЬ – НАЕЗД ПРЕДОТВРАТИТЬ

**С начала нового учебного года работники станции Нур-Султан провели 18 разъяснительных бесед с учениками школ, расположенных вблизи железнодорожного полотна, и студентами столичных колледжей.**

**Любовь РОВБА,**  
Астана

Профилактическая работа с населением в столице ведется постоянно, благодаря чему травматических случаев с посторонними людьми в этом году на станции Нур-Султан не допущено. В прошлом году за тот же период произошло два наезда на пешеходов, один из которых – с летальным исходом.

– Основные причины несчастных случаев – грубое нарушение Правил нахождения граждан в зоне повышенной опасности железнодорожного транспорта, – говорит начальник станции Нур-Султан Рахимжан Дарибаев.

С начала 2022 года профилактическими беседами во время совместных рейдов с сотрудниками ЛУП, ВЖДО, ТЧЭ-11 охвачено порядка 300 человек. Всем им вручили памятки.

В первой четверти этого учебного года

проведены встречи с учениками столичных школ № 49, 21, 36, 34, 23, 25, 26, 61, расположенных вблизи железнодорожного полотна. А также со студентами Многопрофильного колледжа, КазАТК и Высшего колледжа транспорта и коммуникаций – с охватом более двух тысяч учащихся.

Кроме того, в течение года выпущено два видеоролика на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности» на казахском и русском языках, которые разосланы в школы и размещены в соцсетях.

Обновляются знаки и плакаты «Берегись поезда», «Граждане, вблизи железнодорожных путей держите детей за руки», «Железная дорога – зона повышенной опасности» в местах несанкционированных переходов через пути.

Во время комиссионного месячного осмотра проверяется состояние пешеходных настилов, громкоговорящей связи, освещенность в парках станции. Дежурные по станции постоянно предупреждают о необходимости быть



бдительными при производстве маневровых работ, особенно при подъезде к пассажирским платформам и переездам.

– Ежегодно специальной комиссией составляются акты определения мест массового прохода людей через железнодорожные пути. Для исключения наездов на посторонних, а также сохранности вагонного парка и перевозимого груза, тормозных башмаков необходимо оградить территорию станции и увеличить количество постов ВЖДО в наиболее опасных зонах станции, – считает Рахимжан Дарибаев.

Фото автора

Ушел из жизни ветеран профсоюзного движения, многие годы бессменный председатель профсоюзного комитета Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо Дмитрий Михайлович Смирнов.

Он был грамотным и компетентным специалистом, обладающим организаторскими способностями. В сложных производственных ситуациях всегда оперативно находил оптимальные варианты решения задач. Пользовался авторитетом и уважением в коллективе. Общий стаж работы Дмитрия Михайловича в железнодорожной отрасли составил 44 года, а в профсоюзной сфере – более 30 лет.

Центральный Совет, филиал профсоюза ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и Карагандинский филиал АО «Казпрофтранс» выражают глубокое и искреннее соболезнование родным и близким по поводу безвременной кончины

Смирнова Дмитрия Михайловича.



## Твои люди, магистраль!

### ЖИЗНЬ В РИТМЕ ДВИЖЕНИЯ

Семья инструктора по работе с поездными бригадами станции Балхаш Карагандинского регионального участка филиала АО «Пассажирские перевозки» – «Пригородные перевозки» Марины Волковой всем другим предпочитает профессию железнодорожника.



Более 31 года ее трудовой биографии неразрывно связано с железной дорогой. И это неудивительно, ведь она родилась в семье, где отец с самого раннего возраста работал в локомотивном депо сначала слесарем, а затем мастером ПТО. Кроме того, он активно занимался общественной работой. Мама в свою очередь была оператором по станции, а затем проводником пассажирских вагонов.

Знакомство с профессией железнодорожника началось со школьной скамьи. Она училась в железнодорожной школе на станции Балхаш, где велась профориентация по профессиям работников железнодорожного транспорта. Во время каникул же пробовала себя в роли железнодорожника: была дежурным по станции, проводником пассажирских вагонов на детской железной дороге, которая была в то время на станции Караганда-Сортировочная, – рассказывает Марина Волкова.

Окончив Жезказганский университет имени О. Байконурова по профессии «педагогика и методика преподавания», решила вернуться в свою железнодорожную школу преподавателем. На общественных началах по линии профориентации школьников поддерживала тесную связь с железнодорожными предприятиями узла станции Балхаш и всегда мечтала быть частью этого увлекательного процесса – организации работы железнодорожного транспорта. И когда ей поступило предложение перейти на работу в АО «Пригородные перевозки», она, долго не раздумывая, с удовольствием согласилась.

Как железнодорожник, я начала свою работу в должности техника по обработке документов в Балхашском резерве проводников. И сразу поняла, что не ошиблась, сделав эту сферу деятельности частью своей жизни. Увлекательный процесс работы в пассажирских перевозках не дает оставаться на месте. Здесь огромные

возможности для развития и совершенствования своих знаний и себя, как личности. С большим желанием я всегда проходила обучение на курсах повышения квалификации, занималась самообразованием, училась у своих наставников, одним из которых была Елена Токарчук, посвятившая более 40 лет своей жизни работе на железнодорожном транспорте в сфере пассажирских перевозок.

Сегодня Марина Волкова работает инструктором по работе с поездными бригадами и понимает, какая ответственность лежит за организацию пассажирских перевозок на ее, пусть и небольшом подчастье.

К слову, в этом году ей выпала уникальная возможность пройти обучение в академии мастеров производственного обучения АО «НК «КТЖ» «Шеберлер Қазынасы». По ее словам, это стало толчком для выхода на новый уровень в организации обучения работников.

– Сегодня и моя семья – это семья железнодорожников. Мой муж также отработал на железнодорожном транспорте 37 лет. Таким образом, стаж семьи составил 68,5 года. Мой сын окончил Балхашский многопрофильный колледж по профессии «организация железнодорожных перевозок» и сейчас продолжает получать высшее образование железнодорожника, – говорит Марина Волкова.

Она благодарна руководству филиала АО «Пассажирские перевозки» – «Пригородные перевозки» за профессиональную поддержку и возможность развиваться в сфере современных технологий и модернизации процесса организации железнодорожных перевозок.

Айлин БАУРЖАН  
Фото автора

### ПРИМЕР ДЛЯ ПОДРАЖАНИЯ

26 ноября Оразалы Жумадилову исполнилось 80 лет. Жизненное кредо этого человека – приносить пользу людям, воспитывать подрастающее поколение в духе патриотизма, сохраняя культуру и традиции народа. Вот на таком прочном фундаменте построил свою жизнь человек, у которого вся жизнь связана со стальным полотном.



Старшее поколение – это сильные духом, крепкой закалки люди. Годы испытаний не сломили их, они и сейчас стараются участвовать в жизни дороги, помогая в воспитании молодого поколения.

Оразалы Жумадилович родился в Семипалатинской области, в Жана-Семейском районе, в селе Аскаралы. А на железной дороге начал работать с самой простой должности – монтера пути. Уже тогда понял, что железная дорога не любит дилетантов и несознательных людей. В мороз и зной с тяжелым путевым инструментом он нес свою нелегкую вахту, работа монтера не только закаляла его, но и раскрывала все грани железнодорожного ремесла.

В 1965 году он поступил в Казахский политехниче-

ский институт, по окончании которого устроился машинистом паровых котлов на Алматинскую ТЭЦ. Далее были должности техника производственно-технического отдела, мастера ТЭЦ, заместителя начальника котельного цеха Алматинской ТЭЦ, старшего инженера-технолога. Вскоре перспективного и талантливого руководителя Жумадилова назначают директором КИПС РУ «Алма-Ата Энерго» Капчагайского предприятия тепловых сетей. А в 1987 году Оразалы Жумадилович становится начальником отдела эксплуатации службы гражданских сооружений и водоснабжения управления Алматинской железной дороги. На его долю выпало немало испытаний, преодолений и сложных производственных задач. Ведь

работать ветерану довелось в самое трудное время – советскую перестройку, период развала СССР и становления суверенной казахстанской железнодорожной отрасли. В 1991 году Оразалы Жумадилович становится помощником министра Министерства транспорта РК. А спустя год – управляющим делами Министерства транспорта РК. Неустанный поиск новых и прогрессивных решений, грамотный управленческий подход, высокий интеллектуальный уровень и преданность своему делу – отличительные черты железнодорожника. В 1999 году Оразалы Жумади-

вич становится помощником начальника отделения дороги. На протяжении долгих лет он работал на этой должности и много лет – заместителем председателя Совета ветеранов Алматинского отделения.

От руководства имеет множество грамот и благодарственных писем, является Почетным ветераном.

– Я никогда не искал легкого пути, всегда работал с душой и смело могу сказать, что, если ты попал на «железку», никакие течения, обстоятельства не заставят сменить свой путь, настолько притягательна железная дорога, – улыбаясь, говорит ветеран.

С любимой женой Казнаш он вырастил и воспитал детей, радуется внукам. Жизнь Оразалы Жумадиловича – достойный пример для подражания, а глядя с высоты своих лет, наш ветеран признался, что каждый раз, приезжая в родные края, он снова и снова ощущает себя тем бравым парнем, путевым рабочим, словно и не было столько пройденных километров и прожитых лет.

Елена КОЛДАСБАЕВА,  
Алматы  
Фото автора

### МАШИНИСТ – МАМАНДЫҚТЫҢ ТӨРЕСІ

Ел игілігі үшін күн-түн демей жылжымалы құрамды сүйреген локомотивтерді тізгіндеген машинистер өмірі кімге болса да үлгі боларлық. Біздің кейіпкеріміз Марат Бертілеуов Шалқар айналым депосында тәжірибелі нұсқаушы-машинист.



Қырық жылдан аса уақыт еңбек еткен Марат ағамыз осы мамандықтың жілігін шағып, майын ішкен. 1980 жылы Шалқар депосына слесарь болып кіріп, әрі қарай машинист көмекшісі, кейін жауапкершілігі жоғары машинист қызметтерін атқарған.

«Осы депоға келіп, жұмысқа орналасқанда жас жігіт едім. Білуге, үйренуге бейім болдық. Тәжірибелі аға бұрынғы өңгімесін ұйып тыңдайтынбыз. Жұмыстың қыры мен сырына өбден қанықтық», – дейді кейіпкеріміз. Теміржолшылар арасындағы

игі дәстүр Бертілеуовтер отбасын да айналып өткен емес. Салада бүкіл ұрпақтың бір мамандық бойынша жұмыс істеуі дәстүрге айналғанды. Марат ағамыз да теміржолшының ұлы. Әке жолын қуып, барлық бауырлары осы мамандықты алып жүр. Үлкен теміржолшылар династиясын қалыптастырып келеді.

Ұзақ жыл жылжымалы құрамды сүйреп, тепловоз айдаған теміржолшы бүгінде Шалқар айналым депосында нұсқаушы-машинист болып еңбек етіп, жас мамандарды өз кәсібінің шебері болуға баулуға. Локомотив бригадаларының жұмысын үнделікті қалағалап, ресурс үнемдеуге бағыт-бағдар беруде.

«Қарамағымда 40-қа жуық локомотив бригадасы бар. Тепловоз жүрісіне расшифровка жасайтын инженер қыздарға көмектесемін. Таспаға жазылған жылдамдық көрсеткішін қараймыз. Осылайша, тосын оқиғаларда таспаға жазылған қозғалысты танып, оқи білетін маманмен бірге жұмыс істеймін. Көмегімді тигізуге тырысамын. Машинистің іс-әрекеті, жылжымалы құрамның қозғалысын пойыз жүрген кездегі таспаға жазылған сызбалардан көріп, біліп отырамын. Кейде шұғыл тоқтау, авариялық жағдай болады. Іс-әрекеттің дұрыс-бұрыстығын анықтап беремін», – дейді қырағы машинист тәжірибелі нұсқаушыға айналған ағамыз.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе  
Суретті түсірген автор

## Спорт

### ТЕННИС И ТРУД – ВЕРНЫЙ МАРШРУТ

В Акадырской дистанции электроснабжения Карагандинского региона прошли соревнования по настольному теннису, посвященные 30-летию ОО «Казпрофтранс».

Спортивное мероприятие организовано председателем первичной профсоюзной организации Самгатом Егинбаевым.

С его слов, сотрудники узла все свободное время посвящают спорту, именно поэтому большинство из них находятся в прекрасной физической форме.

– Особенно железнодорожникам нравится играть в настольный теннис. Этот вид спорта благотворно влияет на подвижность кистей, да и от самого процесса люди получают большое удовольствие, – рассказывает Самгат Егинбаев.

В соревнованиях приняли участие 10 мужчин и три женщины. По итогам турнира первое место среди прекрасной

половины заняла электромонтер РЭС Наталья Кулик, второе – ведущий инженер отдела учета Алуа Болатқызы и третье – электромеханик РЭС Батима Мусаева.

Среди мужчин лучшим стал начальник механического цеха Марлен Қасым, второе место завоевал водитель Айбар Темирбеков, а третье место присуждено работнику ЭЧ-40 Бауыржану Ахисеву.

Сотрудники Акадырской дистанции электроснабжения осуществляют работу, направленную на улучшение содержания технических средств, повышение надежности их работы и качества электроснабжения потребителей, прежде всего связанных с движением поездов.



С этим процессом они справляются в полной мере, а в свободное время от работы время занимают спортом. Эти два направления дают хорошие плоды, а также мотивируют других работников двигаться по этому же маршруту.

Светлана МОГАЙ, Караганда  
Фото автора

### ДОЙБЫДАН ДОДАҒА ТҮСТІ

«КТЖ» ҰК» АҚ Тараз темір жол көлігі оқу орталығының ғимаратында «Қазкөліккәсіп» ҚБ-ның және «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның мерейтойларына орай дойбыдан жарыс өтті.



Оған Жамбыл теліміндегі темір жол мекемелерінің ардагерлері мен қызметкерлері, бас-аяғы он ойыншы қатысты. Қызықты да тартысты өткен ойын нәтижесінде дойбы шеберлерінің қатарында

сала ардагері Виктор Устинов көш бастап, бірінші орынды жеңіп алды. Ал Жамбыл вагон пайдалану депосының вагон қараушысы Андрей Швалев және жоғарыдағы оқу орталығының директоры Тұрсынғали Нүрсейітов екінші және үшінші орындарды өзара бөлісті. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің спорт нұсқаушысы Евгений Тяньнің айтуынша, бөлімшеде әртүрлі спорттық шаралар жиі өтіп тұрады. Оған сала ардагерлері белсенді қатысып, жастарға үлгі-өнеге болуда.

Арсен БАЙЗАҚ, Жамбыл  
Суретті түсірген автор

### БҰРЫМДЫЛАР БОУЛИНГ ОЙНАДЫ

«Қазкөліккәсіп» ҚБ-ның 30 жылдығына және «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы халықаралық күрес күніне» орай жамбылдық болат жолдың бұрымдылары боулинг алаңында кездесті.



Шараны «Жамбыл ЖТ бөлімшесінің» кәсіподағы ұйымдастырып, оған бөлімшеге қарасты Тараз, Шу, Түркісіб станцияларындағы теміржол мекемелерінің арулары қатысты. Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің бас инженері Дүйсен Сыдықов, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге күндіз-түні тынбай еңбек етіп жүрген теміржолшы әйелдерге сәттілік тіледі.

Ойын екі кезеңмен өтіп, оған алты команда қатысты. Бірінші кезең командалық, екінші кезең – жеке ойыншының шеберлігін анықтауға арналды. Әр команда құрамында 7 адам ойын көрігін қыздырды. Алғашқы командалық ойынның нәтижесімен «Тараз станциясы» бірінші, «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» екінші, «Жамбыл локомотив пайдалану депосы» үшінші орынды иеленді.

Ал жеке ойыншының шеберлігін анықтаған жарыста Жамбыл локомотив пайдалану депосы кадр бөлімінің басшысы Гүлвира Мұратбаева сұрмергендігімен топ

жарып, қарсыластарын қапа қалдырды. Екінші орын мінберінен Жамбыл вагон пайдалану депосы кадр бөлімінің басшысы Баян Қондыбаева табылса, «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» Техникалық қржаттар бөлімінің аға тауар кассирі Асыл Жүкеева үшінші орынды иеленді. Жеңімпаздар қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Бұл күні ойынға қатысқан 42 қыз-келіншектің ешқайсысы сый-сипатсыз қалмады. Шу станциясының аға операторы Надежда Усманова «жасы үлкен қатысушы» аталымын иеленсе, Түркісіб станциясынан келген Махаббат Керімқұл «ең жас қатысушы» аталымына ие болды. Барлық қатысушыларға жанашыр болып қолдап, сүйеп, демеп жүрген Жамбыл бөлімшесі кадрлар бөлімінің менеджері Қымбат Ақжолова «Жанкүйерлер көзайымы» атанды. Қалғандарына бағалы сыйлықтар таратылды.

Ерман ӘБДИЕВ, Жамбыл  
Суретті түсірген автор

**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**  
Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 11 340**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
**Л. Ровба, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**  
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Паничева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабыржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Жамбыл:** Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73  
**Қарағанды:** Светлана Могой 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубая 8-702-843-27-97  
**Шымкент:** Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.